

2022 жылдың қыркүйек айының 3-ші онкүндігіне қысқаша агрометеорологиялық шолу

Өткен онкүндікте Қазақстанның басты егін шаруашылығы аудандарының басым бөлігінде әлі де мол жауын-шашын байқалған, бұл егін жинау жұмыстарының қарқынына әсер еткен.

Түнгі уақытта елдің солтүстік облыстарында, батысында, орталығында және шығысында байқалған минус 2-7°C дейінгі үсік (кей жерлерде минус 10°C дейін) жаздық дәнді дақылдардың піскен дәндері үшін қауіпті болмаған, бірақ таңертеңгі уақытта егін жинау жұмыстарын жүргізуді қиындатқан. Барлық бақылау учаскелерінде «толық пісу» кезеңі байқалған, дәнді дақылдар егістіктерінің жағдайы өте жақсы және жақсы.

Республиканың оңтүстігінің және оңтүстік-шығысының күздік бидай себілетін аудандарында егістіктерді дайындауға және күздік бидайды себу жұмыстарын жүргізуге қолайлы метеорологиялық жағдайлар болған.

Жылу сүйгіш дақылдардың жағдайы (дәнді жүгері, соя, мақта) өте жақсы және жақсы, егін жинау жұмыстары жалғасуда.

Шығыс Қазақстан, Қостанай және Павлодар облыстарының бақылау учаскелерінде күнбағыс «егіндік пісу» кезеңінде. Күнбағыстың жағдайы жақсы және өте жақсы, егін жинау жалғасуда.

Республиканың оңтүстік облыстарында жеміс дақылдары бақшаларында (алма, алмұрт, таңқурай) көбінесе «жемістердің пісуі» – «пісудің басталуы» фазалары байқалған, Алматы облысының бақтарында алма ағашын жинау жалғасуда.

Республиканың оңтүстік өңірлерінде шөптердің (жоңышқа, беде) жағдайы жақсы және қанағаттанарлық, шөптердің малмен тапталуы байқалады.

Қыркүйектің үшінші онкүндігінде ауа температурасының аномалиясының оң ауытқуы жайылымдық мал шаруашылығының барлық аймағында байқалған және плюс 3...5°C жылу шегінде болған.

Барлық жерде мал жаю жүргізілген, елдің батысы мен оңтүстік-батысында шөптерді жинау, тасымалдау және шабу жұмыстары жалғасуда.

Атырау облысының Құрманғазы ауданында, Маңғыстау облысының Маңғыстау және Бейнеу аудандарында қой қырку жұмыстары жүргізілуде.

Жайылымдардағы шөптердің жағдайы жақсы және қанағаттанарлық, нашар Алматы облысының Жамбыл ауданында болған.

Жайылымдар әлсіз және орташа тапталған. Жамбыл облысының Талас ауданында және Батыс Қазақстан облысының Ақжайық ауданында қатты тапталған.

Шымның жағдайы көбінесе құрғақ, кейбір жерлерде дымқыл.

